

#16-17

(991-992)

14 маусым

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

**АУЫЗ СУМЕН
100 ПАЙЫЗ ҚАМТУ:
ЖАУАПТЫЛАР 1,5 ЖАРЫМ
ЖЫЛДА ҮЛГЕРЕ МЕ?**



3-БЕТ

**ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ
ҚУАТТЫ ЕЛ – ҚАУІПСІЗ ЕЛ**



5-7-БЕТ

**«ТҮРІКТІҢ
ТАҒҒЫ АС КҮНІ» –
ҚҰНДЫ ДӘСТҮР**



12-БЕТ

Қазақстанда
30 жыл



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап “Шеврон” прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда “Шеврон” Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында



✓ BRENT \$82.88

✓ USD 450,8 T

✓ EUR 485 T

✓ RUB 5 T

«БҮГІНГІ САПАРДЫҢ ҚОС ТАРАП ҮШІН ДЕ МӘН-МАҢЫЗЫ ЗОР. КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ – БІЗ ҮШІН СЕНІМДІ СЕРІКТЕС ӘРІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕС. ЕКІ ЕЛДІҢ ДОСТЫҚ ДӘСТҮРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТАДЫ. БІЗ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ОРНАТТЫҚ».
ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЕЛІМІЗГЕ ҮШ КҮНДІК МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛГЕН ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ПРЕЗИДЕНТІ ЮН СОК ЁЛЬМЕН КЕЛІССӨЗДЕ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің шақыруын қабыл алып, елімізге сапармен келгені үшін корейлік әріптесіне алғыс айтты. Сондай-ақ мұны екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға деген шынайы ниеттің айқын көрінісі деп бағалайтынын жеткізді. Айта кетейік, бұл Оңтүстік Корея президентінің елімізге жасаған алғашқы мемлекеттік сапары. Мұны тарихи оқиға деп бағалаған Мемлекет басшысы:



Фот: akorda.kz

ЫҚПАЛДАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

«Қазіргі таңда екі ел арасындағы тауар айналымының көлемі 6 миллиард долларға жетті. Бұл – ортақ күш-жігердің жемісі. Ауқымды экономикалық жобаларды іске асырдық. Инвестициялық ықпалдастық жылдан-жылға нығайып келеді. Қазір Қазақстанда Оңтүстік Кореяның капиталы бар 700-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз қарқынды дамып жатыр. Қазақстандағы корей диаспорасы бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Оны екі халықтың арасын жалғап отырған алтын көпір деуге болады. Біз осы жетістіктерді еселеп, қазақ-корей ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеруге мүдделіміз. Бұл сапар екі елдің ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенімдімін», – деді.

Өз кезегінде Юн Сок Ёль екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің 15 жылдығы

қарсаңында Қазақстанға сапармен келгеніне қуанышты екенін жеткізді: «Бүгінде елдеріміз арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келеді. Көптеген корейлік компания Қазақстан экономикасына инвестиция құйып, жұмыс орындарының ашылуына және өнеркәсіптің өркендеуіне ықпал етіп отыр. Бұдан бөлек, корейлік инвесторлар Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы, бу-газ электр станциясының құрылысы сияқты ірі жобаларға қатысып, Қазақстанның ұлттық инфрақұрылымын дамытуға өз үлесін қосып келеді. Біз аса маңызды шикізаттарды игеру, атом энергетикасы, жаңартылатын энергия көздері секілді перспективті бағыттар бойынша ынтымақтастықты нығайтуға ниеттіміз. Жалпы екі мемлекеттің ықпалдастық көкжиегін кеңейтетін уақыт келді. Осы сапар алдында Үкімет Кореяның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы

туралы K-Silk Road бастамасын жариялады. Бұл – Кореяның Орта Азияға қатысты алғашқы дипломатиялық стратегиясы.

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юн Сок Ёль осыдан үш жыл бұрын Қазақстан

Президентінің Кореяға сапары кезінде екі ел арасындағы қарым-қатынас кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгенін тағы да растады. Сондай-ақ осы байланыстарды саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың нақты бағыттары бойынша одан әрі нығайта түсуге өзара ниет білдірді.

Президенттер өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде де жан-жақты пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Кореяның халықаралық деңгейдегі көптеген мәселелерге қатысты ұстанымы ұқсас екенін атап өтіп, әлемдегі геосаяси қайшылықтардың шешілуіне екі ел орта державалар ретінде өз үлестерін қоса алатынын мәлімдеді.

Aqorda.kz материалдары негізінде дайындалды

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДІҢ ҚАЛАЛАРЫНДА СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ 98,9% БОЛДЫ. АУЫЛДЫ ЖЕРДЕ СУМЕН ҚАМТУ – 96,6 ПАЙЫЗ. ЕҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙ АБАЙ ЖӘНЕ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТАРЫНДА БАЙҚАЛАДЫ.

Бұл – Премьер-Министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында айтылған дерек. Әлбетте, Үкімет басшысының «2025 жылдың соңына дейін бүкіл ел 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі керек» деген тапсырмасы қалың көпшіліктің көңілінен шығады.

«Бұл – аса маңызды әлеуметтік міндет. Уақыт тығыз, небәрі 1,5 жыл қалды. Әкімдіктер сумен жабдықтау көрсеткіштерінің жоғары деңгейіне қарамастан,

асыру сатысында. Сонымен қатар жұмыс кестесінің сақталмауына байланысты, былтыр бөлінген 760 млн теңгенің 500 млн теңгеден астамы бюджетке қайтарылған.

«Бұл – дұрыс жоспарламаудың салдары» деген Премьер-Министр мұндай жағдайларға жол бермеу мақсатында өнеркәсіп және құрылыс, су ресурстары және ирригация министрліктері жобалардың іске асырылу барысын апта сайын бақылап, бұзушылықтар анықталған жағдайда тікелей өзіне баяндауы қажет екенін ескертті.

Ауыз су – көп жылдан бері күн тәртібінен түспей отырған өткір мәселе. Бір жылдан астам уақыттан бері тек мемлекеттік органдардың өзіне тұрғындардан 43,5 мыңға жуық ресми өтініш келіп түскен. Көпшілігі әбден тозығы жеткен желілердің жиі істен шығатынына

АУЫЗ СУМЕН 100 ПАЙЫЗ ҚАМТУ: ЖАУАПТЫЛАР 1,5 ЖАРЫМ ЖЫЛДА ҮЛГЕРЕ МЕ?

ауылдар мен қалаларда тиісті инфрақұрылымды тарту жұмыстарын күшейтуге тиіс. Сумен қамтамасыз ету жұмыстары басым тәртіппен қаржыландырылуы тиіс. Елді мекендердің ішінде су желілерін жүргізу жұмыстарын топтық су құбырларының инфрақұрылымын ауылдардың шекараларына дейін тарту жоспарларымен үйлестіру керек», – деді Олжас Бектенов.


Осы орайда кейбір топтық су құбырларын салу жобалары жылдар бойы іске асырылып келе жатқаны айтылды. Мәселен, Ақмола облысының Талапкер және Қажымұқан ауылдарында желілер тартылған, ал Кенжебай және Рақымжансай кен орындарынан топтық су құбырын салу жобасы әлі іске

шағымданады. Басқа өңірлерді айтпағанда, Алматының шет жақтары әлі толығымен сумен қамтамасыз етілмей отыр. Мәселен, қалаға 2015 жылы кірген «Тау жолы» шағын ауданының тұрғындары 2020 жылы тартылған құбырдан су аққанын әлі күтіп жүр. Бұл да Үкімет басшысы сынға алған дұрыс жоспарламаудың салдары. Алдымен су құбырын төсеп, содан кейін «суды қайдан аламыз» дегеннің кері... Бүкіл елде мұндай жағдай қанша екенін кім білсін?

Олжас Бектенов мүдделі мемлекеттік органдардың алдында жыл соңына дейін халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейін арттыру, бұл көрсеткішті ауылдарда 97,8, ал қалаларда 99,5 пайызға жеткізу міндетін орындау керектігін атап өтті. Ол үшін өңір

әкімдіктері жыл соңына дейін барлық нысандарды межелі уақытта тапсырып қана қоймай, келесі жылдың жобалары бойынша бекітілген жоспар және құжаттаманың болуы мен қаржыландыруды қамтамасыз етуі керек. Сондай-ақ биылғы 1 шілдеге дейін 77 ауыл мен 28 қала сумен жабдықтау жобалары бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуді аяқтау тапсырылды.

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ КӨРСЕТКІШІ



«ТҮРКИЯНЫҢ BRICS ҚЫЗМЕТІНЕ ЫҚЫЛАС ТАНЫТЫП ЖАТҚАНЫНА ЖӘНЕ ОСЫ ҰЙЫМДАҒЫ ЕЛДЕРМЕН БІРГЕ БОЛУ НИЕТІН ҚОСҚОЛДАП ҚҰПТАЙМЫЗ ӘРІ ҚОЛДАЙМЫЗ!». РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИН СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ХАКАН ФИДАНМЕН КЕЗДЕСУДЕ ӘҢГІМЕСІН ОСЫНДАЙ ЛЕБІЗБЕН БАСТАДЫ.

Түріктің бас дипломаты BRICS+ жиынына қатысу үшін келген еді. Ол осы айдың басында Бейжіңге барып, Қытай басшыларымен жүздесті. Сол кезде ғаламдық ақпарат құралдары «Түркия аталған ұйымға мүше болуы мүмкін» деген мазмұнда хабар таратқандығын. Сарапшы қауымның пікірі әдеттегідей қақ жарылды. Бірі «НАТО-дағы алғашқы мемлекеттің Батыспен бақталас Шығысқа қарай бет бұрды» десе, енді біреулер «Анкараның бұл қадамы

президент Хавиер Милейдің билікке келуі себеп болғанын айтады. Бағаның қымбаттауы Анкараны да алаңдатып отырғаны белгілі. Инфляцияны ауыздықтау үшін жаңа өндіріс орындарын ашып, отандық өнімді көбейту қажет. Бұл қазір ең қат «тауарға» айналған инвестиция

мүмкіндік бар. Өйткені әлемде өндірілген мұнайдың 44 пайызы ұйымға мүше елдерге тиесілі. Сондай-ақ жер бетіндегі халықтың 45 пайызы (3,5 млрд адам) мекендейтін осы 10 мемлекеттегі жалпы ішкі өнім көлемі 28,5 трлн долларды құрайды.

BRICS - ТІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Түрік елінің мүше болу ниетін мысал ете отырып, ұйымның әлеуетін көрсетуіміз бекер емес. Ұйым аясында оңтайлы қарым-қатынас орнату Қазақстанға да тиімді. Төменгі Новгород (Ресей) қаласында өткен BRICS+ жиынына 15 мемлекеттің өкілдерімен бірге еліміздің сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу де қатысты. Министрдің айтуынша, ұйым елдерімен арадағы сауда-саттық айналымы екі есе өсіп, 70 млрд доллардан асты. Еліміз цифрлық технология, сирек минералдар, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және инвестициялық жобалар бойынша байланысты одан әрі тереңдетуді көздейді.

Бұл еліміздің геоэкономикадағы көпвекторлық саясатының жемісі деп бағалаған жөн. Қазақ билігі кейбір сыртқы күштердің қысымы мен елдегі қайсыбір ұйымдар, ақпарат құралдары және блогерлердің бұра тартуына қарамастан, барлық мәселеге Тәуелсіздікті баянды ету, ұлттық мүддені қорғау тұрғысынан қарайды. Ең дұрыс шешім, тура жол осы екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Еуроодақпен қарым-қатынасқа балама бағыт іздеуді көздемейді» деген пікірде.

Кім не десін, бір анығы – Анадолы билігі геосаяси ахуал барған сайын ушыққан бүгінгі әлемде өзара тиімді экономикалық байланысты ең сенімді жол деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка Республикасы құрған BRICS-тің берері көп. Биылғы жылдың басында ұйымға Мысыр, Эфиопия, Иран, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктері қосылды. Инфляция деңгейі 200 пайыздан асып, халқын қымбатшылық қысып жатқан үміткер ел – Аргентина ғана теріс айналды. Шолушылар бұған уәдесі мен ісі қабыспай жүрген

мен несиеге кеп тіреледі. АҚШ пен Еуропадан қаржы келмегелі қай заман. Ал 2014 жылы ұйымға мүше мемлекеттердегі түрлі жобаларды қаржыландыру мақсатымен құрылған BRICS-тің Жаңа Даму Банкі былтырға дейін 32 млрд доллар кредит беріпті. Айрықша атап өткен жөн, бұл жобалар қазба байлықты игеру емес, дені тас жол, көпір, теміржол салуға, инфрақұрылым жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі сауда соғысы көмірсутегі көздері төңірегінде жүріп жатыр. Азия мен Еуропа арасындағы энергия хабына айналу мақсат тұтқан түріктер «қара алтын» мен «көгілдір отынға» өте-мөте зәру. Экономикалық қауымдастыққа қабылданса, осы қажеттілікті өтеуге



САЙЫЛ
СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ҚАУІПСІЗ ЕЛ» ЖОБАСЫ ЕЛІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІН ДЕ ҚАМТИДЫ.



Қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытудың басты құралдарының бірі мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс болып табылатынын атап өту маңызды. «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» заңнамаға сәйкес бірінші кезеңде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылар отандық кәсіпорындар ішінен таңдалады. Олардың арасынан орындаушыны айқындау мүмкін болмаған жағдайда ғана мұндай тапсырма «Қазарнаулыэкспорт» РМК атынан уәкілетті ұйымға орындауға беріледі.

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚУАТТЫ ЕЛ – ҚАУІПСІЗ ЕЛ

БЕС ҚАРУЫ САЙ БОЛСА...

Кез келген Қарулы Күштердің ұтымды әрекет етуіне негіз болып табылатын және бір-бірімен тығыз байланысты екі мәселені сөз етпекіміз. Әскери қуаттың басты көрсеткіштерінің бірі – Қарулы Күштерді қажетті қару-жарақпен және әскери техникамен қамтамасыз ету. Ол өз кезегінде әскердің жауынгерлік әзірлігіне тікелей әсер ететін фактор. Жаңа технологияларға негізделген шетелдік өнімдерді пайдалану заман талабы екені белгілі. Дегенмен сыртқа қол жая бермей, өзімізде өндіруге болатын техникалар мен қару-жарақтарды отандық кәсіпорындарда шығарған өте тиімді. Бұл ретте қорғаныс өнеркәсібі кешеніне елеулі роль жүктеліп отыр. Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов 2022 жылдың 8 шілдесінде Мәжіліс депутаттарының

сауалына қайтарған жауабында былай деген екен: «Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес, ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын негізгі құжат Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының құрылысы мен дамуының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жаңа редакциясы бекітілді».

Министрдің айтуынша, сол тұжырымдамада Қазақстан Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қайта жарақтандыру мүддесінде қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытудың мақсаттары мен міндеттері, оның негізгі бағыттары мен кезеңдері айқындалған.

Қорғаныс министрінің мәліметіне сәйкес, бұл ретте ақша мәнінде отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінің мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс орындау үлесі жыл сайын кемінде 50 пайызды құрап отырған, ал кейбір жылдары 70 пайызға дейін жеткен көрінеді.

Ол Қарулы Күштер мүддесінде броньдалған дөңгелекті техниканы (БДМ) сатып алу бөлігінде жүргізілетін іс-шараларға жеке тоқталды. Оның айтуынша, 2016 жылдан бастап бөлімшелерді жасақтау үшін «Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС-дан 138 бірлік 6x6 «Арлан» БДМ сатып алынған, 2022 жылы 10 бірлік «Арлан» БДМ жеткізілген. Ал 2023 жылы тағы жауынгерлік модульдері бар 20 бірлік «Арлан» БДМ-ны жеткізу жоспарланып отыр. Сонда Қарулы Күштер мүддесінде сатып алынған 6x6 «Арлан» БДМ-ның жалпы саны 168 бірлікке жетеді, бұл ақшалай



ҚАРУЛЫ ҚУАТТЫ ЕЛ

мәнде 82 млрд. теңгеден астам қаржыны құрайды екен.

Сонымен қатар, «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасында 2025 жылы іске асыру мерзімімен «Арлан» БДМ базасында радиациялық, химиялық, биологиялық барлау машинасын шығару жөніндегі іс-шара көзделген. Осы типтегі машиналарға қажеттілік 55 бірлікті құрайды дегенді айтты.

Жалпы алғанда былтыр 70-тен астам әскери техника мен 200-ге жуық автомобиль және арнайы техникалардың әртүрлі модификациясы сатып алынып, әскерлерге енгізілді. Әуе кемелері паркін толықтыру аясында бір С295MW әскери-көлік ұшағы, сондай-ақ екі L-410 әскери-көлік ұшағы (әскери көліктік авиация курсанттарын оқыту үшін) сатып алынды.

Әскери-теңіз күштеріне диверсияға қарсы бір «БК-16» катері жеткізілді. Әскери техниканы қалпына келтіру мақсатында Қарулы Күштерде бес жаңа жөндеу-қалпына келтіру батальоны жасақталуда. Қазіргі уақытта Turkish Aerospace, Airbus және Catic сияқты ірі халықаралық компаниялармен сериялық техникалық қызмет көрсету және жөндеу мүмкіндігі туралы келіссөздер жүргізілуде.

ЖАУ ЖОҚ ДЕМЕ, ЖАР АСТЫНДА...

«Жау жоқ деме, жар астында» деген сөз бар. Қазіргі күрделі кезеңде Армияның рөлі күшейе түсті», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев жоғарыда айтылған Бүкілармиялық кеңесте. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы армия егемендігімізді қорғауға әрдайым сақадай-сай болуға тиіс екендігін баса айтты.

КҮШТЕРІ - ҚАУІПСІЗ ЕЛ

Расында, кез келген қауіп-қатерге лайықты жауап беруге әзір болу үшін әскерлер күн-түн демей жауынгерлік дайындығын пысықтап отыруы керек.

Әлемдегі қарулы қақтығыстарды ескере отырып, Қазақстан әскеріндегі жауынгердік даярлыққа да тиісті өзгерістер енгізілуде. Бұл туралы Сенат қабырғасында тілшілерге берген сұхбатында қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Сұлтан Қамалетдинов мәлімдеді.

«Басқа мемлекеттердің қарулы күштері бұл салаға терең талдау жүргізіп, соғыс іс-қимылдарының барысын байқап отыр. Осыдан тиісті қорытындылар да жасалды. Бір-біріне ұқсас қарулы қақтығыстар болмайды, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан біз де талдау жүргізіп, тиісті қорытындылар жасаймыз, жауынгерлік дайындық бағдарламасына өзгерістер енгіземіз», – деді ол өз сөзінде.

Оның айтуынша, қазір қашықтан басқарылатын дрондардың операторларын даярлауға жете мән берілген.

Қорғаныс министрлігі 2023 жылдың қорытындысын шығарғанда былтыр Қарулы Күштерде мыңнан астам жауынгерлік дайындық шараларының өткізілгенін хабарлаған еді.

Жауынгерлік машиналарды жүргізу бойынша 16 мыңнан астам сабақ өткізіліп, 40 мыңнан астам жауынгерлік атыс ұйымдастырылған және 60 мыңнан астам маманды дайындап шығарған. Сонымен қатар, армиялық авиацияның ұшқыштары ең қиын ауа-райында ұшу шеберліктерін шыңдап, Әскери-теңіз күштерінің кемелері 17 мың мильден астам теңіз жорығын жасаған.



Қорғаныс ведомствосының мәліметінше, отандық әскери қызметшілер басқа елдер аумағында 24 оқу-жаттығу мен жарыстарға қатысқан көрінеді. Көрші мемлекеттермен бірлесіп оқу-жаттығулар өткізілген. Мысалы, 2023 жылы қазақ-қырғыз бірлескен «Ердік» тактикалық-арнайы оқу-жаттығулары, Каспий теңізінде ресейлік-қазақстандық бірлескен теңіз жаттығулары, қазақ-өзбек бірлескен «Қалқан» тактикалық-арнайы оқу-жаттығулары өтті.

Сонымен қатар, қазақстандық әскери қызметшілер шет мемлекеттермен бірлескен бірқатар оқу-жаттығуларға қатысты. Олардың қатарына АҚШ-пен бірлескен «Аймақтық ынтымақтастық 2023» халықаралық оқу-жаттығулары, «Қыш-2023» көпұлтты оқу-жаттығуы және халықаралық арнайы күштердің «Анадолы-2023» оқу-жаттығулары жатады.

Бұдан бөлек, былтыр Қарулы Күштер тарихында тұңғыш рет соғыс уақытында экономика мен халық шаруашылығының жұмысын қамтамасыз ету үшін Жоғарғы Бас қолбасшының Ставкасын, соғыс уақытындағы Үкімет пен облыстық қорғаныс Кеңестерін өрістету және әрекет ету мәселелері пысықталды.

Осының бәрі еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтып, Қарулы Күштердің әлеуетін арттыру үшін «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы аясында нақты жұмыстар атқарылып жатыр деген қорытынды жасауға негіз болады.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
ҚР Қарулы Күштерінің ардагері,
ЕҰУ Әскери кафедрасының
оқытушысы

Суреттерді түсірген ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі

УӘДЕ АДАМДЫ АДАМ БАЛАСЫМЕН ТАНЫСТЫРАДЫ, ТІЛ ТАБЫСТЫРАДЫ. ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕСІН ЕСКЕРЕДІ, ЛАЙЫҚТЫ ҚАУЫМ ҚҰРАП ҚОҒАМДАСТЫРАДЫ. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ, ҚЫЗМЕТТІ СЫНАП ШЫҢДАЙДЫ. ОЛ – ДИАЛОГТИҢ ДІҢІ, ҰҒЫСУДЫҢ ҰСТЫНЫ, ӨЗАРА СЕНІМНІҢ КӨЗІ, БАЙЛАМНЫҢ ҚАЙНАРЫ. СӨЗГЕ ТОҚТАМАҒАНДЫ БЕРІК УӘДЕ ТОҚТАТҚАН. ҚҰР СӨЗГЕ ИЛАНБАҒАН МЫҒЫМ УӘДЕГЕ ИЛАНАДЫ. УӘДЕ БАЙЛАСУ – МӘМІЛЕ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ КӨП МӘСЕЛЕНІ БЕЙБІТ ТҮРДЕ ШЕШУДІҢ КІЛТІ. ҚЫСҚАСЫ, УӘДЕ – САНАЛЫ АДАМНЫҢ ТАБАН ТІРЕЙТІН ТИЯНАҒЫ, АР-НАМЫСЫ БАЙЛАНАТЫН АДАЛБАҚАНЫ.

Ханды да, қараны да, байды да, кедейді де, жақсыны да, жаманды да уәдесіне қарап тануға болады. Бұқара солай бағалаған. Өйткені, дін мен дәстүрімізде «Уәде – Құдай аты, уәде – Алла сөзі», «Айтсаң, уәдеңе жет, уәде Құдайға шек» деп бекер айтылмаса керек.

Күнделікті өмір мен тынымсыз тіршілікте де уәденің орны ерекше. Табиғаты бөлек. Адам жадында, ел есінде жатталып қалады. Сұрауы бар сауапты, жауапты дүние. Бұл – отбасылық, елдік және ұлттық тәрбиенің ғана емес, қоғам деңгейінің айқын көрсеткіші.

Аты мен затына сай уәде, оның орындалуы елдік дәстүрді, мемлекетшіл көзқарасты қалыптастырады. Халықтың әлауқатын көтеріп, мемлекеттің өзегін бекем етеді. Мәселен, кез келген сайлау кезеңінде уәде алдыңғы

СӨЗ БЕРУ - БІР АБЫРОЙ, СӨЗІНДЕ ТҰРУ - МЫҢ АБЫРОЙ

УӘДЕ ҮДЕСІМЕН ҚЫМБАТ

қатарға шығады. Ол бәйгеге түскен саяси партияның бет-бейнесін айқындайды. Өйткені, айтылған сөз – иесіне сын. Ендеше уәденің орындалуы ант-су ішкеннің бағасын береді. Ар-ұят сонымен өлшенеді.

Уәде үдесінен шығу – қарсыласты жеңуге қамшы, дауды шешуге мұрындық та болуы мүмкін. Ал оны орындамау, одан тайқып кету, яғни сөзде тұрмау – адамның нағыз бейшаралығы, қауымның нашарлығы, ортаның әлсіздігі. Халықтық пайымда ондай қылық пен қулық әдепсіздік, көргенсіздік және арсыздық ретінде әшкереленеді. Адами қасиеттен жұрдай болумен теңеледі.

Сондай-ақ, ата-ананың ұрпағына, ұрпағының ата-анаға, дос-жарандардың, құрбы-құрдастардың,

әріптестердің бір-біріне, депутаттардың, билік басындағы өзге адамдардың халыққа беретін уәдесі, лауазымды тұлғалардың лауазымы жоқтарға, басшының қосшыға (және керісінше), қыздың жігітке, жігіттің қызға, қызметшінің тұтынушыға уәдесі беріктігімен, мерзімінде орындалуымен бағалы.

Оңды-солды беріліп, жол-жөнекей шашылып қалатын уәделер сенімді жоғалтады. Бір адамның сенімін жоғалту – жайқалып тұрған ағаштың бір тамырын кесумен бірдей.

Уәдешіл кісілер елеп, ескере бермейтін бір алып күш бар. Ол – тоқтаусыз әрі ақысыз жұмыс істейтін жалпыхалықтық бақылау. Көзі ашық, көкірегі ояу қоғамның жітілігі. Шындықтан ешкім қашып құтыла алмайды. Оны тексеріп,

тергейтін құзырлы орындар да халықтық бақылаудан тыс қала алмайды. Олай болса, әділеттің жолы неге ауыр, ал сол соқпақтағы жекелеген адамдардың тұзы неге жеңіл?

Бұл күре сұрақтың жауабы да күрделі. Салдары да біртекті бола қоймас. Сондықтан уәдеге деген жауаптылық адамның сана-сезіміне байланатын қасиет екені даусыз.

Жалпы қоғамда сананы өзгерту үшін не істеліп жатыр? Осы тұрғыда қабылданған құжаттар, жобалар, бекітілген шешімдер сөзбұйдаға салынып, уәде күйінде қалып қойса, кімге өкпелейміз? Олардың бәрін тізіп шығуды міндетімізге алғымыз келмейді. Оған арнайы әлеуметтік зерттеу, мониторинг жүргізетін құрылымдар бар.

Дегенмен халықтың көкейінде жүрген бірер түйткілге тоқтала кетуді жөн көрдік. Ол – отандық архивтер ахуалы. Сан алуан тақырыптың тарихын тарқатып беруге мүмкіндік беретін мұрағаттарға қатысты арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданған болатын. Алайда 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған тәп-тәуір жоспардың аяғы құрдымға кетіп бара жатқандай. Бюджетті жеңілдету желеуімен көп іс-шара көкке ұшты. Міне, бұл құрғақ уәде емей немене? Сонда тарихи маңызды құжаттар, шынайы деректер мемлекеттің өзіне керек болмағаны ма? Аталған бағдарлама ұлт тарихын түгендеудің, толықтырудың зор мүмкіндігі емес пе еді?

Ал мемлекеттік тәуелсіздігін бағалай білетін көрші елдерде архив саласына ерекше мән беріліп, жан-жақты қолға алынғанын білеміз. Олар бағыныстағы мекемелер құрылымын жүйелеп, ғылыми жұмыстарды үйлестіруді, халықаралық ынтымақтастықты арттыруды әлдеқашан тап-тұйнақтай етіп реттеп қойған.

Архивтеріміз өз отанында өгейлік күй кешсе, қайда барып, кімге шағынамыз? Онда жұмыс істейтін ғалымдар мен өзге қызметкерлердің еңбегін өз дәрежесінде бағалай

білмесек, архив қорына өзгелердің көзі түсіп, көңілі аумасына кім кепіл?

Өйткені еліміздегі өндіріс ошақтарының, әлеуметтік-мәдени нысандардың, қоғамдық маңызы бар оқиғалардың цифрлық шежіресін, жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын жинау, жинақтау, қауіпсіздігін сақтау, есепке алу ісі әрдайым мемлекеттік көзқарасты талап етеді. Біз архив арқылы ғана мәдениет пен қоғамдық өмірдің даму тарихын, түрлі кезеңдердің байланысын анықтай аламыз.

Тағы бір мысал еске түседі. Бірер жыл бұрын елімізде екі жарым миллиард ағаш егу жөнінде уәде етілді, міндеттеме жарияланды. Ел-жұртымыз оны орындау барысы жайында, маңызды істің жай-күйі туралы білгісі келеді. Алып-қашпа сөз көп, ал ақпарат мардымсыз, жоқтың қасы. Осыған дейін қағаз жүзінде егілген ағаштар санын есепке алсақ, еліміздің аумағы әлдеқашан қалың тоғайға, ну орманға айналатын еді. Мұны көріп-біліп, сұрап отырған халық аузына қақпақ қойып болмайды.

Сондай-ақ қарапайым өмірде уәде бұзу сәт сайын қайталанып жатады. Әсіресе, құрылыс-жөндеу, тұрмыстық қызмет көрсету салаларында екінің бірі сөзінде тұрмайтыны әдетке айналып барады. Сөйтеміз де, немістің немесе өзге этностардың тиянақтылығына, сөзге беріктігіне таң қаламыз. Тапсырыс уағдаласқан мерзімнен көбінесе кешіктіріліп орындалады, жиын кешігіп басталады, қонақтар бөгеліп жатады. Бұған үйреншікті құбылыс ретінде қарауға жұрт та көндіккен. Сайып келгенде, уәдемен бірге уақыт жоғалтуға себеп болатын осындай қоғамдық індеттің зардабы мен зияны адамдардың психологиясына кері әсерін тигізіп, ұлт болмысына, ел келбетіне (имиджіне), мәдениетіне, экономикасына теріс ықпал ететіні белгілі.

Өкінішке қарай, өзгеге берген уәдесін жұтқан адам өзіне деген сенімін де жоғалтады. 19 ғасырда

өмір кешкен ақын Әбубәкір Кердері:

*«Ерді шайтан жеңгені –
Біткен істі қозғаса.*

*Адамдықтан қалғаның –
Балалап уәдең қоздаса»* деп

жұртына қанша ескертіп кетсе де, әлі күнге бәтуасыздықтан, сөзінде тұрмаушылықтан құтыла алмай келеді. Уәдесінен тайған адам желеу іздеуге, сылтау айтуға арланбайды. Қазір ондай «уәдемырзы» кісілерді барлық салада кездестіруге болады.

Әрине, жұрттың бәрі сөзінде тұрмайды деуге негіз жоқ. Уәдесінде тұрған ерлерді ел таниды, оларды үлгі етіп, құрмет тұтады.

Кезінде ақын Кенен Әзірбаев:
*«Асыл адам қарайды,
Уәдеге бұрында.*

*Батыр болар жігіттің,
Аты кетер руға,*

Тұлпар болар жылқының,

Тұлғасы тұрар құлында» – дегені де уәдеге берік, сертінде тұратын адамның лайықты сыйы болатынын меңзесе керек.

Ал даңқты қайраткер Напалеон Бонопарт «Уәдені орындаудың ең дұрыс жолы – уәдені бермеу» деп тұжырым жасаған көрінеді.

Әрине, француздардың жөні бөлек, салты да басқа.

Өз ішімізде кейде уәдені мүлтіксіз орындаудан жарыс, бәсеке басталса екен деп қиялдайтынымыз бар. Өйткені қайырымды, өнегелі істерде жақсы аты алысқа кеткен халқымыз үшін ұмытыла бастаған өз құндылығымыз – уәдеге беріктік пен табандылықты айнымас дәстүр ретінде қалпына келтіру маңызды деп санаймыз.



ДАРХАН МЫҚБАЙ,

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНИМІ – ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС САПАСЫНА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ, ӨЙТКЕНІ УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОР ХАЛЫҚ ПЕН ПОЛИЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ БУЫН БОЛЫП САНАЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ПОЛИЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ, ӘСІРЕСЕ, УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ АРТЫЛҒАН ЖҮК ПЕН МІНДЕТТІҢ САЛМАҒЫ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРА ТҮСЕДІ. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ОРДАБАСЫ АУДАНЫ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ, ШҰБАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ЖАУАПТЫ АҒА УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЫ ӘБДІРОВ НҰРСҰЛТАНДЫ ӘҢГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

– Нұрсұлтан, полицияда қызмет етіп жатқаныңызға қанша уақыт болды? Осы мамандық жеке қалауыңыз болды ма? Алдымен өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз...

– Мен ішкі істер органдарында 2013 жылдан бері қызмет атқарып келе жатырмын. Полиция қызметіндегі ең алғашқы жұмысымды ақпараттық-аналитика тобының технигі болып бастаған болатынмын. Он жылдан аса уақыт аралығында осы салада біраз тәжірибе қалыптасып, бүгінде Ордабасы аудандық полиция бөлімі Шұбар ауылдық округіне жауапты аға учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарып келемін. Шұбар ауыл округіне жауапты учаскелік полиция қызметкері болып 2023 жылы бекітілдім. Әрине, учаскелік полиция инспекторына артылатын міндет оңай емес. Үнемі халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуің керек. Елді мекендердегі құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында есептегі контингентті үнемі тексеріп отырамыз. Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтарға бейім отбасыларға жүйелі бақылау жасалып, олармен телефон арқылы хабарласып, кәмелетке толмаған балаларының жай-күйін тексеріп отыруға тура келеді. Өзім отбасылымын, үш ұлым бар.

– Сонда сіздің қарамағыңызда қанша елді мекен бар?

Биыл ауылды жерлердегі қылмыстылық деңгейі қандай?

– Шұбар елді мекенінде барлығы алты ауыл орналасқан. Биылғы

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦЕЙ. ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ КҮЗЕТІНДЕ



статистика бойынша, Шұбар елді мекенінде қылмыстылық деңгейі айтарлықтай төмен көрсеткішті көрсетіп отыр. Тіпті жылдан жылға азайып келеді деп те айтуға болады. Себебі бұл аумақта екі ауыл ішімдіктен бас тартып, соңғы бес жыл көлемінде мүлдем қылмыс тіркелмеген ауыл ретінде бүкіл елге танылды,

– Ордабасы ауданында ішімдіктен бас тартқан сол ауылдар туралы айтсаңыз. Бұл мәселеге жергілікті полицияның ықпалы бар ма? Әлде тұрғындардың өз шешімдері ме?

– Жалпы Ордабасы ауданында қазіргі таңда бес ауыл – Аққойлы, Жусансай, Төреарық, Көлтоған, Елшібек батыр ауылдары ішімдіктен мүлде бас тартқан. Былтыр республикаға «Ішімдіксіз ауыл» атауымен танымал болдық. Себебі өзгелер үлгі аларлықтай мұндай игілікті бастама Шұбар ауыл округіндегі Жусансай және Аққойлы ауылдарынан бастау алған. Иә, шынында да, қылмыстың көпшілігі ішімдіктен

басталатыны рас. Төбелес, ұрлық, қақтығыс, жанжалға түрткі болатын ішімдіктерді ауыл дүкендерінде сатпауға тұрғындардың өздері де себепші болуда. Спирттік ішімдіктен бас тарту – ауыл ақсақалдары мен белсенділерінің бірауыздан қабылданған шешімі. Ал учаскелік инспектор – ауылдың қауіпсіздігі мен тыныштығына жауапты бірден-бір адам. Осы тұста әріптестерім профилактикалық жұмыстар жүргізіп қана қоймай, ішімдіксіз ауылды кең көлемде насихаттап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ауыл ақсақалдары мен

белсенділерімен бірлісіп, осы игілікті шараның қолдау табуына ықпал етті десек те болады. Ішімдіктен бас тартқан ауыл тек Ордабасы ауданында ғана емес бұл қазіргі таңда ел аумағында белең алып келе жатқан жақсы үрдіс. Демек біздің отандастарымыз да қылмыссыз қоғам құруға бет алып келе жатыр деп айтуға болады. Жалпы полиция ішімдіксіз ауылдан бөлек, ел ішіндегі мал ұрлығының, қылмыс пен құқық бұзушылық, жастар тәрбиесіне де ауыл адамдарымен бірлесіп жұмыс атқарады.



– Учаскелік

инспекторларға қандай жағдай жасалған? Олардың еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік бар ма? Жалпы материалдық-техникалық жағдаймен толық қамтамасыз етілген бе?

– Биыл Шұбар ауыл округіндегі учаскелік полиция пунктiнiң материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жаңа учаскелік полиция пунктi берiлдi. Облыстық маңызы бар жолдың бойында орналасқан жаңа учаскелік пункт заман талабына сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Учаскелік инспекторлар тұрғындардың арыз-шағымын осында қабылдап, кез-келген мәселеге дер кезінде ден қояды. Осылайша учаскелік полиция инспекторлары азаматтарға сапалы қызмет көрсетуі үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Өйткені бірінші кезекте – полицияның ашықтығы, қолжетімділігі, құқық бұзушылықтар мен азаматтардың арыз-шағымдарына жедел ден қоюы өзекті болып отыр.

– Ауылдарда учаскелік инспекторлар жеткілікті ме?

– Шұбар ауыл округіндегі тұрғындар саны – 11 126. Бұл әкімшілік аумаққа үш учаскелік полиция инспекторы бекітілген. Соның бірі өзім, Шұбар ауылына, ал Кенжебеков Болат Абылайұлы-

Аққойлы, Сарытоғай, Жусансай ауылдарына, Тұрсынбаев Бақытжан Абдуллаұлы Тоқсансай, Береке ауылдарына бекітілген учаскелік инспекторлар. Әрине, бір мезетте барлық ауылдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес, сондықтан бұл ретте халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеудің тиімділігі зор.

– Халықпен жұмыс істейтін учаскелік инспекторлардың жұмысы ауыр ма?

– Учаскелік полицияның жүктемесі көп, міндеті ауыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Учаскелік инспектор – белгілі бір аумақтағы қылмысты болдырмауда, жергілікті тұрғындардың мәселелерін шешуде, қылмыстың тікелей немесе жанама түрде алдын алуда, азаматтардың өмір сапасын арттыруда басты тұлға» деп атап көрсеткен болатын. Учаскелік полицейдің қылмыс болған сәтте емес, қажет кезде қасынан табылуы қоғамның санасын өзгертеді. Шындығында да, халықтың сеніміне басқаша ие болу мүмкін емес.

Учаскелік полицейдің тұрақты жұмыс кестесі жоқ. Себебі олардың әрбір сағаты емес, әрбір секунды санаулы екенін, азаматтық қызмет секілді жұмыс кестесі кіреберістен басталып кетпейтіні бар.

Ішкі істер министрлігі ғана емес, жалпы құқық қорғау органдарының

ішінде олардың қоғамдағы жауапкершілігі жоғары. Себебі жұмыстың басым бөлігін учаскелік полицей атқарады.

Учаскелік полиция инспекторына күнделікті халықпен байланыс орнатып, алғашқы шешімді қабылдау кезінде кәсібилікпен бірге, адамгершілік қасиет те алдыңғы кезекте талап етіледі. Сонда ғана тұрғындармен серіктестік орнату арқылы қоғамдағы мәселелерді шешуге бағытталған «Сервистік полицияның» стратегиясы жемісті жүзеге асары сөзсіз.

Биыл Түркістан облысы Ішкі істер департаментінің басшысы Мұрат Қабденов 2024 жылды «Профилактика жылы» деп атап, жасөспірімдер қылмысы, жол-көлік оқиғалары, мал ұрлығы, алаяқтық, зорлық-зомбылық, нашақорлық, вандализм секілді бірқатар қылмыстардың алдын алу шараларын күшейтуді тапсырған болатын. Полиция қызметі үшін азаматтардың тыныштығы мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты орында тұрады. Бұл жұмыстар «Профилактика жылында» еселеніп атқарылады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Раушан ҚАНЫБЕК,
Түркістан облысы

ЮНЕСКО ТАРАПЫНАН ЖАРИЯЛАҒАН ЖӘНЕ ЖЫЛ САЙЫН МАУСЫМНЫҢ БІРІНШІ ЖЕКЕСЕНБІСІНДЕ АТАП ӨТІЛЕТІН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТАҒҒЫ АС КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН «ТҮРІК ТАҒҒЫ АСЫ» АТТЫ ІС-ШАРА АСТАНАДА ӨТТІ.

«ТҮРІКТИҢ ТАҒҒЫ АС КҮНІ» – ҚҰНДЫ ДӘСТҮР



Түркияның Астанадағы Төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Капуджу мен оның жұбайы Аху Капуджу ұйымдастырған аталған іс-шараға Қазақстанның белгілі мәдениет, өнер, бақ қайраткерлері, сондай-ақ дипкорпус өкілдері қатысты.

Іс-шара аясында дәстүрлі түрік таңғы асымен қатар Түркияның Ризе провинциясынан арнайы әкелінген

түрік шайы да ұсынылды. «Лазика» шай компаниясының сату жөніндегі үйлестірушісі Серай Сары түрік шайының тарихы мен дайындалу тәсілдеріне арналған презентация ұсынды.

Елші М.Капуджу «Дүниежүзілік таңғы ас күні» алғаш рет Ван аймағында (Түркия) атап өтіле бастағанын айтып, сондай-ақ таңғы астың мәдени маңыздылығын атап

өту әрекеті қазір жаһандық іс-шараға айналғанын атап өтті.

Түрік мәдениетінде таңғы ас ерекше орын алатынын атап өткен Елші Капуджу: «Түріктің таңғы асы жәй ғана тамақтану ғана емес, бұл отбасылар мен достарды біріктіретін құнды дәстүр», – деді.

Суреттерді Түркия Республикасының Астанадағы елшілігі ұсынды

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)